

Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу ережелері туралы

Күші жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 14 мамырдағы N 111 Павлодар облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 8 маусымда N 751 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы әкімінің 2009 жылғы 14 қыркүйектегі N 3 шешімімен.

Облыс бюджетінің жобасын әзірлеу рәсімін ретке келтіру мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын: 1. Жергілікті бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламаларды әзірлеудің қоса беріліп отырған ережелері (бұдан әрі - Ережелер) бекітілсін. 2. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлері бюджеттік бағдарламалар мен кіші бағдарламаларды әзірлеген кезде жоғарыда көрсетілген Ережелерді басшылыққа алсын. 3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.Н. Оспановқа жүктелсін. Облыс әкімі Облыс әкімінің 2001 жылғы 2001 жылғы 14 мамырдағы N 111 бекітілді Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу Ереже

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357 _ "Бюджет жүйесі туралы" Заңына сәйкес әзірленген және жергілікті бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу тәртібін мен шарттарын анықтайды .

1. Бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) және оның түрлерін анықтау

1. Бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) - бюджеттік қаржыны пайдаланып , белгілі міндеттерді орындауға бағытталған белгілі бір мемлекеттік қызметтерді орындау жөніндегі іс-шаралар кешені. Орындалынатын іс-шараларды немесе міндеттерді нақтылау үшін кейбір бюджеттік бағдарламалар бюджеттік бағдарламаның құрылымдық бөліктері ретінде кіші бағдарламаларға бөлінеді. Бағдарламалардың нақты мақсаттары, міндеттері мен айқындалған нәтижелері б о л у ы к е р е к .

2. Бағдарламалардың әкімгерлері әр бағдарламаның алдына қойылған мақсаттарына сай жергілікті бюджеттік бағдарламаны мақсатты немесе

функционалдык бағдарлама сияқты анықтайды.

3. Мақсатты бюджеттік бағдарлама - бұл облыстың дамуы стратегиясы мен басымдық мақсаттарымен және оның орындалу қажеттілігімен, облыс экономикалық және әлеуметтік дамуы бағдарламаларымен және оның жоғарыда аталған құқықтық құжаттарымен бекітілген мерзімде іске асырылатынын анықтайтын бағдарлама.

4. Функционалдык бюджеттік бағдарлама - бұл іске асырылу қажеттілігі заңнамалық кесімдермен анықталған және тұрақты мемлекеттік функционалдың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған бағдарлама.

5. Күрделі активтерді және негізгі қорларды құруға қатысты бюджеттік бағдарламалар күрделі және ағымдағы бағдарламаларға бөлінеді.

Күрделі бюджеттік бағдарлама - бұл нәтижесінде күрделі активтер құрылатын бағдарлама.

Ағымдағы күрделі бағдарлама - бұл нәтижесінде күрделі активтер құрылмайтын бағдарлама.

6. Бюджеттік бағдарламаның мазмұнына байланысты және жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлерінің қызметтеріне сәйкес мыналардың бірі осы бағдарламаның іске асырылу нысаны болуы мүмкін:

1) мемлекеттік мекемелерді ұстау - бюджеттік мекеменің толық түрінде бюджеттік қаржы есебінде болуын қарастыратын бюджеттік бағдарламаны іске асыру нысаны;

2) мемлекеттік тапсырыс - бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік қызметтерді сатып алу (товарларды жеткізіп беру, жұмыстарды орындау) түрінде орындалатын бюджеттік бағдарламаны іске асыру нысаны, ал мемлекеттік органдар тапсырыс беруші болып табылады;

3) іс-шара - нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешу жөнінде тікелей мемлекеттік органдардың белгілі іс-шаралар өткізуін болжайтын бюджеттік бағдарламаны іске асыру нысаны;

4) қаражаттандыру - мемлекетті дамыту стратегиясы мен артықшылықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламасында, облысты экономикалық және әлеуметтік дамыту бағдарламаларында айқындалған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес коммерциялық ұйымдарға өтеусіз және қайтарылысу қаржылық қолдау жасауды қарастыратын бюджеттік бағдарламаны іске асыру нысаны;

5) несие беру - бюджеттен төменгі бюджеттерге, заңды және жеке тұлғаларға қайтарылып берілетін қаржының бөлінуі;

6) әлеуметтік төлемдер - заңды кесімдерде қарастырылған зейнетақылар, жәрдемақылар, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, арнайы мемлекеттік жәрдемақы, өтемақы және басқа да әлеуметтік төлемдерге қаражат бөлуі

қарастыратын бюджеттік бағдарламаның нысаны;

7) ақшалай төлемдер - тұлғаларға заңдарға сәйкес әлеуметтік төлемдерден басқа қаражат бөлуді қарастыратын бюджеттік бағдарламаларды іске асыру нысаны .

1. Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды ұстап тұру және әзірлеу тәртібі

7. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімгері осы Ереженің 2-21 тармақтарымен бекітілген тәртіп бойынша бюджеттік бағдарламаларды құрастырады. 8. Әр бюджеттік бағдарламаларының ішінде: 1) бағдарламаның және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен бюджеттік жіктеуі бойынша кодтары көрсетілген бағдарлама әкімгерінің аталуы; 2) бағдарламаның іске асырылу мерзімі - орындалу жылының басы мен аяғы (тек қана мақсатты бюджеттік бағдарламалар үшін); 3) бағдарламаның күрделі немесе ағымдағы бағдарламаға жатуын көрсету (тек қана мақсатты бюджеттік бағдарламалар үшін); 4) бағдарламаның іс-шаралары; 5) бағдарламаның іске асырылуының құқықтық негіздемесі; 6) қаржыландырудың көздері; 7) бағдарламаның (кіші бағдарламаның) іске асырылу нысаны; 8) бағдарламаның орындалуы бірнеше жылға қарастырылатын жағдайда (тек қана мақсатты бюджеттік бағдарламалар үшін) бағдарламаның іске асырылу кезеңдерін баяндау ; 9) қаржыландыру көздері мен іске асыру кезеңдері бойынша болжамдалатын шығындар көлемі; 10) бағдарламаны орындау үшін қолда бар ресурстардың тізбесі (тек қана функционалдық бюджеттік бағдарламалар үшін); 11) тиімділік критерийін көрсетіп, бағдарламаның орындалуынан күтілетін нәтиже; 12) бағдарламаның өткен жылдардағы орындалу нәтижесі.

9. "Бағдарламаның іске асырылу мерзімі" атты тармағында осы бағдарламаның қажеттілігін анықтайтын нормативтік құқықтық кесімдермен бекітілген бағдарламаның іске асыру жылының басталуы мен аяқталуы көрсетіледі. Бағдарламаның іске асыру мерзімі тек қана мақсатты бюджеттік бағдарламаларға үшін ғана анықталады.

10. "Күрделі немесе ағымдағы" атты тармағында негізгі қорларды құру бойынша анықталған бағдарламаның күрделі немесе ағымдағы екендігі көрсетіледі. Тек мақсатты бюджеттік бағдарламалар үшін ғана күрделі немесе ағымдағы бағдарламаларға жататын болып бекітіледі.

11. "Бағдарламаның іс-шаралары" атты тармақта осы бағдарламаның мақсаты , сондай-ақ оны іске асыру үшін жүргізілетін жұмыстар мен іс-шаралар көрсетіледі .

12. "Бағдарламаны іске асырудың құқықтық негізі" атты тармақта осы

бағдарламаның іске асыру қажеттілігін қарастыратын нормативтік құқықтық кесімдер (Қазақстан Республикасының Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулылары, жергілікті атқарушы органдардың шешімдері) көрсетіледі.

13. "Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) болуы мүмкін құрамдық бөліктері" атты тармақта бағдарламаның мазмұнын ескере отырып өткізілетін іс-шаралар мен жұмыстарды айқындайтын бағдарламаның құрамды бағыты көрсетіледі.

14. "Қаржыландырудың көздері" атты тармақта осы бағдарламаның іске асырылу қажеттілігін анықтайтын нормативтік құқықтық кесімдерімен бекітілген бағдарламаны қаржыландыру көздері көрсетіледі.

15. "Бюджеттен іске асырылатын бағдарламаның (кіші бағдарламаның) нысаны" атты тармақта бағдарламаның (кіші бағдарламаның) іске асырылу нысанының бір түрі көрсетіледі.

16. "Бағдарламаның орындалуы бірнеше жылға арналған жағдайдағы бағдарламаның іске асырылу кезеңдері" атты тармақта бағдарламаның орындалуы бірнеше жылға арналған жағдайда бағдарламаны іске асырудың уақыт бөлшектері көрсетіледі. Бағдарламаның іске асырылу кезеңі тек қана мақсатты бюджеттік бағдарламалар үшін анықталады.

17. "Қаржыландыру көздері мен іске асырылу кезеңдері бойынша кетуі мүмкін қаржы шығындарының көлемі" атты тармақта әр қаржыландыру көздері мен іске асырылу кезеңі бойынша бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қаражат с о м а с ы к ө р с е т і л е д і .

18. "Бағдарламаны орындау үшін қажетті қолда бар ресурстар" атты тармақта бағдарламаны іске асыру үшін қажетті қолда бар материалдық, техникалық, адам және басқа ресурстар көрсетеді. Осы параметрлер тек функционалдық бюджеттік бағдарламалар үшін ғана анықталады.

19. "Бағдарламаны, соның ішінде бағдарламаны орындау тиімділігі критерийлерін көрсете отырып, кезең-кезеңмен орындаудан күтілетін нәтиже" атты тармақта әр кезеңді орындаудың жоспарлы нәтижелері, әр кіші бағдарлама мен бағдарламаны тұтас жүзеге асыру, сондай-ақ бағдарлама мен әрбір кіші бағдарламаны орындау тиімділігінің критерийлері көрсетіледі. Бұл тармақта қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді жолмен қол жеткізу көрсеткіштері, мемлекеттік функцияларды орындау үшін нәтижелердің мемлекет тарапынан талап етілуі, бағдарламаны жүзеге асырудан келетін әлеуметтік және экономикалық тиімділік көрсетіледі. Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) орындау тиімділігінің критерийін салалық ерекшеліктерді көрсете отырып, жергілікті бюджеттік бағдарламаның әкімгері анықтайды.

Жалпы түрде критерийлер мынадай топтарға бөлінеді:

1) сандық критерийлер - бұл қандай товарлардың (жұмыстар, қызметтерді

көрсету) және қандай көлемде көрсетілуі (орындалу, қызмет көрсету) көрсеткіштері ;

2) сапалық критерий - алынған нәтижелердің сапасы қалай бағаланатынын анықтайды ;

3) дер кезінде көрсетілу критерийі - бағдарламаларды жүзеге асыру нәтижелері қай мерзімде алынғанын және алынатынын немесе көрсетілетін қандай да бір қызметтер мен жұмыстарды орындаудың орташа ұзақтылығының қандай болатынын анықтайды ;

4) тиімділік критерийі - бұл орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бірлігіне кететін шығындар сомасының өлшемі. Тиімділік критерийі бағдарлама қаншалықта үнемді, аз шығынмен орындалатынын анықтауы керек.

20. "Өткен жылдары бағдарламаның орындалу нәтижесі" атты тармақта бағдарламаның тұтасымен орындалуы және егер ол өткен жылдары басталған жағдайда әр кіші бағдарламаның орындалу нәтижелері көрсетіледі.

21. Бюджеттік бағдарламаларға бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу шығындарының құрылымы қоса беріледі. Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу нысанына байланысты шығындар құрылымы осы Ереженің 1,2,3- қосымшаларында көрсетілген нысандары бойынша құрастырылады

22. Шығындар құрылымының нысандарында жылы (болжамдалынатын жыл), бағдарламалар әкімгерлерінің (кіші бағдарламалардың) атаулары мен кодтары көрсетіледі. Бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығындар құрылымындағы деректер өткен жыл есебі, ағымдағы жылдың нақтыланған жоспары, жоспарланатын жылға арналған болжам бойынша көрсетіледі.

23. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімгерлеріне 1-қосымша бойынша арнайы нысан толтырылады.

Бұл нысан 2 бөлімнен тұрады:

1) бірінші бөлімде 161 немесе 163 ерекшеліктері бойынша, шығындар сомасы толық түрінде көрсетілуі, сондай-ақ негізгі шығындар түрлері бойынша жазылуы көрсетіледі ;

2) екінші бөлімде бюджеттік бағдарлама бойынша мемлекеттік тапсырысты орындаудың негізгі сандық көрсеткіштері аталынады, мысалы, жолдардың ұзындығы, оқып жүргендердің саны, іс-шаралар саны, зерттеулер және басқа да көрсеткіштер .

Әр бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қаржыландыру негізінде бағдарламалардың мына топтардың біріне жататынын анықтау үшін қолданылатын мемлекеттік тапсырыс құнын есептеу принципі көрсетіледі:

1) орындалған жұмыстарының (көрсетілген қызметтерінің) көлеміне сәйкес

қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар);

2) мемлекеттік тапсырыс құнының бірлігі есебінен қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар).

24. Қаражаттандыру түрінде қаржыландырылатын бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығындар құрылымы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетіледі.

Бұл нысан 4 бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде қаражаттандырылатын ұйымдардың шаруашылық қызметінің түсетін кірістің жалпы сомасы көрсетіледі.

Екінші бөлімде түскен негізгі шығындар түрлері атап көрсетіліп, шығындардың жалпы сомасы көрсетіледі.

Үшінші бөлімде қаражаттандырылатын ұйымдар кірісінің үстіндегі шығындардың жалпы сомасы, яғни бюджеттен бөлінетін сомасы көрсетіледі.

Төртінші бөлімде осы бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша негізгі сан көрсеткіштері беріледі.

25. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қаржыландырылатын және қаражаттандыру түріндегі бағдарламалардан (кіші бағдарламалардан) басқа бағдарламалар бойынша шығындар құрылымы 3-қосымшаға сәйкес беріледі.

Бірінші бөлікте шығындардың жалпы сомасы, оның ішінде шығындарды экономикалық жіктеу ерекшелігі бөлігінде көрсетіледі.

Екінші бөлікте осы бағдарламаның (кіші бағдарламаның) орындалу нәтижесін көрсететін негізгі сандық көрсеткіштері аталады.

Шығындар құрылымы қолданылып жүрген еңбекақы төлеу жүйесінде қолданылып жүрген нормативтерге (тамақтандыру дәрі-дәрмектер, киіндіру, жанар-жағар материалдар шығындары, электр, жылу қуаты шығындары нормалары және басқа) сәйкес әр шығындардың экономикалық жіктеу ерекшелігі бойынша шығындарды есептеуге сәйкес құрастырылады.

26. Облыстық бюджетке енгізуге ұсынылатын бағдарламалар бойынша шығындар құрылысын қарау мен келістіруді облыс қаржы департаменті жүзеге асырады ұсынысын қарастыру мен келісімін қамтамасыз етеді.

27. Бағдарлама облыс қаржы департаментіне қажетті есептеулерді қоса отырып, белгіленген талаптар бойынша қағазға және магнитке жазылып ұсынылады. Облыс әкімінің 2001 жылғы 2001 жылғы 14 мамырдағы N 111 1-қосымша Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қаржыландырылатын бағдарламалар бойынша шығындар құрылымы

Кодтар _____ Жыл ||| _____

_____ | Бағдарламалардың әкімгері | | _____ |

Бағдарлама ||| _____ | Кіші бағдарлама ||| _____

_____ | Өлшем бірлігі - мың теңге _____

жылғы есеп | 2001 | Мына жылдарға | | | болжам | |-----| жылға |-----
----- | |кассалық| нақты |арналған|2002|2003|2004 | |шығындар| шығындар |
бюджет |жыл |жыл | жыл |_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|
_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |_____|_____|
_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____| 1. (161,163) ерекшеліктер
бойынша шығындар жиынтығы 2. Сандық көрсеткіштер _____

_____ Басшы Бас
бухгалтер (ҚЭБ-нің бастығы) Облыс әкімінің 2001 жылғы 2001 жылғы 14
мамырдағы N 111 2-қосымша Қаражаттандыру бағдарламалары бойынша
шығындар құрылымы Кодтар _____ Жыл | | |_____
_____| Бағдарламалардың әкімгері | | |_____
_____| Бағдарлама | | |_____| Кіші
бағдарлама | | |_____| Өлшем бірлігі - мың теңге _____

____ N | Атауы | 2000 жылғы есеп | 2001 | Мына жылдарға | | | болжам | |-----
-----| жылға |----- | |кассалық| нақты |арналған|2002|2003|2004 | |шығындар|
шығындар | бюджет |жыл |жыл | жыл |_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|
_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |_____|_____|
_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____| 1. Барлық кірістер
2. Барлық шығындар оның ішінде шығындар түрлері бойынша 3. Кірістер
үстінен өсетін шығындар (311- ерекшелік) 4. Сандық көрсеткіштер _____

_____ Басшы
Бас бухгалтер (ҚЭБ-нің бастығы) Облыс әкімінің 2001 жылғы 2001 жылғы 14
мамырдағы N 111 3-қосымша Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде
қаржыландырылатын және қаражаттандыру түріндегі бағдарламалардан (кіші
бағдарламалардан) басқа бағдарламалар бойынша шығындар құрылымы Кодтар
_____ Жыл | | |_____
_____ Бағдарламалардың әкімгері | | |_____| Бағдарлама | | |_____
_____| Кіші бағдарлама | | |_____|
_____| Өлшем бірлігі - мың теңге _____

_____ N | Атауы | 2000 жылғы есеп | 2001 |
Мына жылдарға | | | болжам | |-----| жылға |----- | |кассалық|
нақты |арналған|2002|2003|2004 | |шығындар| шығындар | бюджет |жыл |жыл | жыл
_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|
_ 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |_____|_____|_____|_____|
_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____|_____| 1. Шығындар барлығы оның ішінде экономикалық
жіктеу ерекшеліктер бойынша 2. Сандық көрсеткіштер _____

_____ Басшы Бас

бухгалтер (ҚЭБ-нің бастығы) Оқығандар: А.Татарков В.Подольн

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК